

Орталық Азия елдерінен алынған электр энергиясы үшін берешекті өтеу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 сәуір N 483

Қазақстан Республикасы энергетикалық ұйымдарының 1994-2000 жылдары Орта Азия елдерінен алынған электр энергиясы үшін берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z952235_152-бабына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикасы жүйесі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ РМК), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің ұсынысы бойынша Орталық Азия елдерінен 1994-2000 жылдары алынған электр энергиясы үшін сыртқы берешекті өтеуге қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілерге 2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құралған салықтар және айыппұл санкциялары жөнінде бюджетке төленуі тиіс берешекті төлеу

мерзімін 2001 жылдың аяғына дейін кейінге қалдыруды қамтамасыз етсін.

2. "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ РМК Қазақстан Республикасы энергетикалық ұйымдарының 1994-2000 жылдары Орта Азия елдерінен алынған электр энергиясы үшін берешегін өтеуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК